2. Амортизацияға шығару $U_а+U_{кк}$ ш.б.	0,084· 1421,6=119,41	0,084· 1146,6=96,31
3. Энергия шығынының құны, $U_{шығ}$ ш.б.	0,0115·13731,12$\cdot10^3$ =157,9	0,0115·13988,34$\cdot10^3$ = 160,86
4. Минималды шығынды келтіру З min, ш.б.	0,12· 1421,6+119,41+ +157,9= 447,9	0,12·1146,6+96,31+160,86 =394,76


1-ші және 2-ші нұсқалардың шығындарының арасындағы айырмашылығы төмендегі өрнекпен анықталады:

$$З_{min\%}=\frac{447,9-394,76}{394,76}\cdot100\%=13\%>5\%.$$

болғандықтан 2-ші нұсқа тиімді болып табылады.

Қысқа тұйықталу тоқтарын есептеу.

Қысқа тұйықталу тоқтарын есептеуді ыңғайлы қылу үшін орынбасу сұлбасын құрамыз. Электр станцияның құрлымдық сұлбасына байланысты орынбасу сұлбасы келесі түрде болады.



2.6 сурет - Станцияның электрлік бөлігінің орынбасу сұлбасы

Сұлбада белгіленген К-1, К-2, К-3 қысқа тұйықталу тоғын есептейміз.

Кедергілерді есептеу барысында базалық қуатты $S_б$=1000 МВА шамасын алдым.

Г1, Г2,Г3 генераторларының кедергілері:

$$X_{Г1} = X_{Г2} = X_{Г3} = X''_d \cdot \frac{Sб}{Sном} = 0{,}189 \cdot \frac{1000}{137{,}5} = 1{,}37 \text{ ш.б.}$$

Т1, Т2 трансформатордың кедергілері:

$$X_{Т1} = X_{Т2} = \frac{Uk\% \cdot Sб}{100 \cdot Sном} = \frac{10{,}5 \cdot 1000}{100 \cdot 200} = 0{,}52 \text{ ш.б.}$$

АТ3, АТ4 автотрансформаторларының кедергілері:

$$X_{ТЖ} = 0{,}5(u_{кж-о\%} + u_{кж-т\%} - u_{к-т\%}) = 0{,}5(11+32-20) = 11{,}5\%;$$

$$X_{Т0} = 0{,}5(u_{кж-о\%} + u_{кж-т\%} - u_{к-т\%}) = 0{,}5(11+20-32) = -0{,}5\%;$$

$$X_{ТТ} = 0{,}5(u_{кж-о\%} + u_{кж-т\%} - u_{к-т\%}) = 0{,}5(20+32-11) = 20{,}5\%;$$

$$X_{АТ3.1} = X_{АТ4.1} = \frac{Xт\% \cdot Sб}{100 \cdot Sном} = \frac{11.5 \cdot 1000}{100 \cdot 200} = 0.575 \text{ ш.б;}$$

$$X_{АТ3.2} = X_{АТ4.2} = \frac{Xт\% \cdot Sб}{100 \cdot Sном} = 0 \text{ ш.б;}$$

$$X_{АТ3.1} = X_{АТ4.1} = \frac{Xт\% \cdot Sб}{100 \cdot Sном} = \frac{20.5 \cdot 1000}{100 \cdot 200} = 1.025 \text{ ш.б.}$$

Желі кедергісі :

$$X_{Л1} = X_{Л2} = X_{сал} \cdot \frac{l}{2} \cdot \frac{Sб}{U^2 ср} = 0,4 \cdot \frac{35}{2} \cdot \frac{1000}{220^2} = 0,144 \text{ ш.б.}$$

Г4, Г5 генераторларының кедергілері:

$$X_{Г4} = X_{Г5} = X''_d * \frac{Sб}{Sном} = 0,192 \cdot \frac{1000}{125} = 1,536 \text{ ш.б.}$$

Енді берілген кедергілер бойынша К1 нүктесіндегі қысқа тұйықталу тоғын есептесек Г1, Г2,Г3 генераторлары бір-біріне параллель орналасқан:

$$X_1 = X_{Г1} // X_{Г2} // X_{Г3} = 1,37 // 1,37 // 1,37 = 0,456 \text{ ш.б.}$$

Т1 және Т2 бір-біріне параллель орналасқан:

$$X_2 = X_{Т1} // X_{Т2} = 0,52 // 0,52 = 0,26 \text{ ш.б.}$$

Ары қарай Г4, Г5 генераторлары өзара параллель орналасқан:

$$X_4 = X_{Г4} // X_{Г5} = 1,536 // 1,536 = 0,767 \text{ ш.б.}$$

АТ3 және АТ4 автотрансформаторларының кедергісін есептесек:

$$X_{3.1} = X_{АТ3.1} // X_{АТ4.1} = 0,575 // 0,575 = 0,287 \text{ ш.б;}$$


$$X_{3.2} = X_{АТ3.2} // X_{АТ4.2} = 0 \text{ ш.б;}$$

$$X_{3.3} = X_{АТ3.3} // X_{АТ4.3} = 1,025 // 1,025 = 0,512 \text{ ш.б.}$$

Желідегі кедергілерді есептесек:

$$X_5 = X_{Л1} // X_{Л2} = 0,144 // 0,144 = 0,072 \text{ ш.б.}$$

Сол кезде сұлба келесідей болады:




2.7 сурет - Орын басу сұлбасының қарапайымдатылған түрі.

Сұлбаны одан әрі қарапайым құлсақ онда:

$$X_6 = X_{3.1} + X_{3.3} + X_4 = 0,287 + 0,512 + 0,767 = 1,566 \text{ ш.б;}$$


$$X_7 = X_5 + X_6 = 0,072 + 1,566 = 1,638 \text{ ш.б.}$$



2.8 сурет - Орын басу сұлбасының қарапайымдатылған түрі.

Осыдан біз X_8 аламыз :

$$X_8 = X_7 // X_2 = 1{,}638 // 0{,}26 = 4{,}45 \text{ ш.б}$$



2.9 сурет - Орын басу сұлбасының қарапайымдатылған түрі

Қысқа тұйықталу 10кВ нүктесінде сол себепті $U_{орт\text{-}К1} = 10{,}5$ кВ болады Г1, Г2,Г3 генераторлары үшін:

$$E_0'' = \sqrt{\left(I_0 \cdot x_d'' \cdot \cos\varphi_0\right)^2 + (U_0 + I_{no} \cdot x_d'' \cdot \sin\varphi_0)^2} =$$

$$\sqrt{(1 \cdot 0.189 \cdot 0.8)^2 + (1 + 1 \cdot 0.189 \cdot 0.53)^2} = \sqrt{0.022 + 1.21} = 1{,}11.$$

Г4, Г5 генераторлары үшін:

$$E_0'' = \sqrt{\left(I_0 \cdot x_d'' \cdot \cos\varphi_0\right)^2 + (U_0 + I_{no} \cdot x_d'' \cdot \sin\varphi_0)^2} =$$

$$\sqrt{(1 \cdot 0.192 \cdot 0.8)^2 + (1 + 1 \cdot 0.192 \cdot 0.53)^2} = \sqrt{0.0235 + 1.213} = 1{,}112.$$

Базалық тоқтың мәні:

$$I_б = \frac{S_б}{\sqrt{3}\, U_{срк1}} = \frac{1000}{\sqrt{3} \cdot 10.5} = 55{,}1 \text{ кА}.$$

G1,G2,G3 тоғы.

Мұндағы: $X_р$ – тармақтағы кедергінің нәтижелік көрсеткіші;

$I_б$ – базалық ток:

$$I_{n0} = \frac{E_0^{\backslash\backslash}}{X_p} I_b = \frac{1,11}{0,456} 55,1 = 134,125 \text{ кА.}$$

Энергожүйенің және G4,G5 тоғы:

$$I_{n0} = \frac{E_0^{\backslash\backslash}}{X_p} I_b = \frac{1,112}{4,45} 55,1 = 13,76 \text{ кА.}$$

Осы 2 тоқтың мәнін қоссақ:

$$I_{n0K} = 134,125 + 13,76 = 147,89 \text{кА.}$$

К-1 нүктесі үшін соққы тоғы:

$$i_y = \sqrt{2} \cdot k_y \cdot I_{n0.}$$

G1,G2,G3 үшін k_y=1,976:

$$i_{y1} = \sqrt{2} \cdot k_y \cdot I_{n0} = \sqrt{2} \cdot 1,976 \cdot 134,125 = 374,81 \text{ кА.}$$

Энергожүйенің және G4,G5 k_y=1,975:

$$i_{y2} = \sqrt{2} \cdot k_y \cdot I_{n0} = \sqrt{2} \cdot 1,975 \cdot 13,76 = 38,42 \text{ кА.}$$

Соққы тоғының жалпы мәні:

$$i_y = i_{y1} + i_{y2} = 374,81 + 38,42 = 413,23 \text{ кА.}$$

Номианлды тоқты есептейтін болсақ:

$$I_{ном} = \frac{P_{ном}}{\sqrt{3}\, U_{ном} Cos\varphi ном} = \frac{100 \cdot 10^6}{\sqrt{3}\, 10,5 \cdot 10^3\, 0,85} = 6,469 \text{ кА.}$$

Апаттан кейін:

$$I_{MAX} = \frac{P_{ном}}{\sqrt{3}\, U_{ном} \cdot 0,95 Cos\varphi ном} = \frac{100 \cdot 10^6}{\sqrt{3}\, 10,5 \cdot 0,85 \cdot 10^3\, 0,95} = 6,81 \text{ кА.}$$

Енді осы мәндерді ескере отырып ажыратқыш таңдасақ ВВГ-20-160 (Uном=20 кВ, Iном=12500 А, tотк=0,14)

$$\tau = t_{РК} + t_{ОТК} = 0,01 + 0,14 = 0,15 \text{ с.}$$

G1,G2,G3 генераторларының перидикалық құраушылары ТВФ-110-2 үшін Та=0.417

$$i_{ntG1G2G3} = \sqrt{2} \cdot I_{n,0,G1G2G3} \cdot e^{\frac{-t}{Ta}} = \sqrt{2} \cdot 134{,}125 \cdot e^{\frac{-0.15}{0.417}} = 125{,}78 \text{ кА}.$$

G4,G5 генераторларының перидикалық құраушылары ТВФ-120-2 үшін Та=0,4

$$i_{ntG4G5} = \sqrt{2} \cdot I_{n,0,G4G5} \cdot e^{\frac{-t}{Ta}} = \sqrt{2} \cdot 13{,}76 \cdot e^{\frac{-0.15}{0.,4}} = 12{,}66 \text{ кА}.$$

Қысқа тұйықталу тогының толық квадраттық импульсі:

$$B_K = I^2_{n,0,k3} \cdot \left(t_{айыр} + T_a\right) = 134{,}125^2 \cdot (0{,}14 + 0{,}115) = 4587{,}32 \text{ кА}^2.$$

Ажыратқыштарды таңдау шарты:


1. $U_{УСТ} \le U_{НОМ}$;
2. $I_{MAX} \le I_{НОМ}$;
3. $I_{n,\tau} \le I_{ОТК,НОМ}$;
4. $i_{a,\tau} \le I_{A,НОМ} = \sqrt{2} \cdot \beta_н \cdot I_{ОТК,НОМ5} / 100$;
5. $\sqrt{2} \cdot I_{n,\tau} + I_{a,\tau} \le \sqrt{2} \cdot I_{ОТК,НОМ} \cdot \left(\frac{\beta_н}{100} + 1\right)$;
6. $I_у \le I_{дин}$;
7. $B_К \le I^2_{n,0} \cdot (t_{ОТК} + T_a)$.

2.12 кесте - Ажыратқыштар мен айырғыштарды таңдау

Менің есептегенім	Ажыратқыш ВВГ-20-160	Айырғыш РВП-20/12500
$U_{НОМ}$ =10 кВ	$U_{НОМ}$ =20 кВ	$U_{НОМ}$ =15 кВ
I_{MAX} =6,81 кА	$I_{НОМ}$ =12,5 кА	$I_{НОМ}$ =12,5
$I_{n,\tau}$ =125,78 кА	$I_{ОТК,НОМ}$ =160 кА	
$i_{a,\tau}$ =12,66 кА	$I_{A,НОМ} = \sqrt{2} \cdot \beta_н \cdot I_{ОТК,НОМ5} / 100 =$ $\sqrt{2} \cdot 20 \cdot 160 / 100 = 45{,}25$ кА	
$\sqrt{2} \cdot I_{n,\tau} + I_{a,\tau} =$ $\sqrt{2} \cdot 125{,}78 + 12{,}66 = 190{,}53$кА	$\sqrt{2} \cdot I_{ОТК,НОМ} \cdot \left(\frac{\beta_н}{100} + 1\right) =$ $\sqrt{2} \cdot 160 \cdot \left(\frac{20}{100} + 1\right) = 271.52$кА	
$I_{n0К}$=147,89кА	$I_{дин}$=160 кА	
$i_у$=413,23 кА	$t_{дин} = 415$ кА	$I_{дин}$=490 кА

$B_K = 4587{,}32\ \text{кА}^2\text{с}$	$I^2_{n,0} \cdot (t_{OTK} + T_a) = 160^2 \cdot 4 = 102400$ $кА^2 \cdot с$	$I^2_{TEP} \cdot t_{TEP} = 180^2 \cdot 4 =$ $132496 кА^2 \cdot с$

К-2 нүктесіндегі қысқа тұйықталуды есептеу



2.10 сурет - Станцияның электрлік бөлігінің орынбасу сұлбасы

Г1, Г2,Г3 генераторларының кедергілері:

$$X_{1.1} = X_{Г1} // X_{Г2} // X_{Г3} = 1{,}37 // 1{,}37 // 1{,}37 = 0{,}456 \text{ ш.б.}$$

Т1, Т2 трансформатордың кедергілері:

$$X_{1.2} = X_{Т1} // X_{Т2} = 0{,}52 // 0{,}52 = 0{,}26 \text{ ш.б;}$$

$$X_1 = X_{1.1} + X_{1.2} = 0{,}456 +// 0{,}26 = 0{,}716 \text{ ш.б.}$$

Ары қарай Г4, Г5 генераторлары өзара параллель орналасқан:

$$X_4 = X_{Г4} // X_{Г5} = 1{,}536 // 1{,}536 = 0{,}767 \text{ ш.б.}$$

АТ3 және АТ4 автотрансформаторларының кедергісін есептесек:


$$X_{3.1} = X_{АТ3.1} // X_{АТ4.1} = 0{,}575 // 0{,}575 = 0{,}287 \text{ ш.б;}$$

$$X_{3.2} = X_{АТ3.2} // X_{АТ4.2} = 0 \text{ ш.б;}$$

$$X_{3.3} = X_{АТ3.3} // X_{АТ4.3} = 1,025 // 1,025 = 0,512 \text{ ш.б.}$$

Желідегі кедергілерді есептесек:


$$X_5 = X_{Л1} // X_{Л2} = 0,144 // 0,144 = 0,072 \text{ ш.б.}$$



2.11 сурет - Орын басу сұлбасының қарапайымдатылған түрі

$$X_6 = X_{3.1} + X_{3.3} + X_4 = 0,287 + 0,512 + 0,767 = 1,566 \text{ ш.б;}$$

$$X_7 = X_5 + X_6 = 0,072 + 1,566 = 1,638 \text{ ш.б.}$$



2.12 сурет - Орын басу сұлбасының қарапайымдатылған түрі

Қысқа тұйықталу 110 кВ тарату құрылғысында болғандықтан $U_{орт-К2}$ =115 кВ болады

Базалық тоқтың мәні:

$$I_б = \frac{S_б}{\sqrt{3}\ U_{срк1}} = \frac{1000}{\sqrt{3}\cdot 115} = 5{,}02 \text{ кА.}$$

G1,G2,G3 тоғы мұндағы : $X_р$ – тармақтағы кедергінің нәтижелік көрсеткіші; $I_б$ – базалық ток:

$$I_{n0} = \frac{E_0''}{X_p}\ I_b = \frac{1{,}11}{0{,}716}\ 5{,}02 = 7{,}78 \text{ кА.}$$

Энергожүйенің және G4,G5 тоғы:

$$I_{n0} = \frac{E_0''}{X_p}\ I_b = \frac{1{,}112}{1{,}638}\ 5{,}02 = 3{,}4 \text{ кА.}$$

Осы 2 тоқтың мәнін қоссақ:

$$I_{n0К} = 7{,}78 + 3{,}4 = 11{,}18 \text{ кА.}$$

К-2 нүктесі үшін соққы тоғы:

$$i_y = \sqrt{2} \cdot k_y \cdot I_{n0.}$$

G1,G2,G3 үшін k_y=1,976:

$$i_{y1}=\sqrt{2}\cdot k_y\cdot I_{n0}=\sqrt{2}\cdot 1{,}976\cdot 7{,}78=21{,}74 \text{ кА}.$$

Энергожүйенің және G4,G5 k_y=1,975:

$$i_{y2}=\sqrt{2}\cdot k_y\cdot I_{n0}=\sqrt{2}\cdot 1{,}975\cdot 3{,}4=9{,}496 \text{ кА}.$$

Соққы тоғының жалпы мәні:

$$i_y = i_{y1}+ i_{y2}=21{,}74 +9{,}496 =31{,}236 \text{ кА}.$$

Номиналды тоқты есептейтін болсақ:

$$I_{ном} = \frac{P_{ном}}{\sqrt{3}\ U_{ном} Cos\varphi ном} = \frac{100\cdot 10^6}{\sqrt{3}\ 115\cdot 10^3\ 0{,}85}=590 \text{ А}.$$

Апаттан кейін:

$$I_{MAX} = \frac{P_{ном}}{\sqrt{3}\ U_{ном}\cdot 0{,}95 Cos\varphi ном} = \frac{100\cdot 10^6}{\sqrt{3}\ 115\cdot 0{,}85\cdot 10^3\ 0{,}95}=621{,}728 \text{ А}.$$

Енді осы мәндерді ескере отырып ажыратқыш таңдасақ ЯЭ-110Л-23/(13)У4 (Uном=110 кВ, Iном=1250 А, tотк=0,065)

$$\tau = t_{PK} + t_{OTK} = 0{,}01 + 0{,}065 = 0{,}075 \text{ с}.$$

Г1 ,Г2және Г2 генераторларынан ағатын токтың периодикалық құраушысы τ уақытында:

$$i_{ntG1G2G3} = \frac{I_{n01}}{I_{НОМ}} = \frac{7{,}78}{0.590}=13{,}18 \text{ кА}.$$

осыдан:

$$\frac{I_{n01}}{I_{n\tau}} = 0{,}59 \text{кА}.$$

Бұдан:

$$I_{n\tau} = 0{,}59\cdot 7{,}78 = 4{,}59.$$

G1,G2,G3 генераторларының аперидикалық құраушылары ТВФ-110-2 үшін Та=0.417

$$i_{ntG1G2G3} = \sqrt{2} \cdot I_{n,0,G1G2G3} \cdot e^{\frac{-t}{Ta}} = \sqrt{2} \cdot 4{,}59 \cdot e^{\frac{-0.075}{0.417}} = 5{,}32 \text{ кА}.$$

G4,G5 генераторларының перидикалық құраушылары ТВФ-120-2 үшін

$$Ta=0.4\, i_{ntG4G5} = \sqrt{2} \cdot I_{n,0,G4G5} \cdot e^{\frac{-t}{Ta}} = \sqrt{2} \cdot 3{,}4 \cdot e^{\frac{-0.075}{0.,4}} = 3{,}98 \text{ кА}.$$

Қорытынды периодикалық ток:

$$\sum I_{n,\tau} = 4{,}59 + 3{,}4 = 7{,}99 \text{ кА}.$$

Қорытынды апериодикалық ток:

$$\sum i_{a,t} = 5.32 + 3.98 = 9.3 \text{ кА}.$$

Қысқа тұйықталу тогының толық квадраттық импульсі:

$$B_K = I^2_{n,0,k3} \cdot \left(t_{айыр} + T_a\right) = 11{,}18^{\,2} \cdot \left(0{,}065 + 0{,}115\right) = 22{,}49 \text{ кА}^2\text{с}.$$

Ажыратқыштарды таңдау шарты:


1. $U_{УСТ} \le U_{НОМ}$;
2. $I_{MAX} \le I_{НОМ}$;
3. $I_{n,\tau} \le I_{ОТК,НОМ}$;
4. $i_{a,\tau} \le I_{A,НОМ} = \sqrt{2} \beta_Н \cdot I_{ОТК,НОМ5} / 100$;
5. $\sqrt{2} \cdot I_{n,\tau} + I_{a,\tau} \le \sqrt{2} \cdot I_{ОТК,НОМ} \cdot \left(\frac{\beta_Н}{100} + 1\right)$;
6. $I_У \le I_{дин}$;
7. $B_K \le I^2_{n,0} \cdot \left(t_{ОТК} + T_a\right)$.

2.13 кесте - Ажыратқыштар мен айырғыштарды таңдау

Менің есептегенім	Ажыратқыш ЯЭ-110Л-23/(13)У4	Айырғыш РНД-110/630 Т1
$U_{НОМ}$ =110 кВ	$U_{НОМ}$ = 110 кВ	$U_{НОМ}$ =110 кВ
I_{MAX} =621,728 А	$I_{НОМ}$ =12,5 кА	$I_{НОМ}$ =630 А
$I_{n,\tau}$ = 7,99 кА	$I_{ОТК,НОМ}$ =40 кА	
$i_{a,\tau}$ = 9.3 кА	$I_{A,НОМ} = \sqrt{2} \cdot \beta_Н \cdot I_{ОТК,НОМ5} / 100 =$ $\sqrt{2} \cdot 40 \cdot 36 / 100 = 20{,}36$ кА	

$\sqrt{2}\cdot I_{n,\tau}+I_{a,\tau}=$ $\sqrt{2}\cdot 7{,}99+9{,}3=20{,}59$кА	$\sqrt{2}\cdot I_{ОТК,НОМ}\cdot\left(\frac{\beta_H}{100}+1\right)=$ $\sqrt{2}\cdot 40\cdot\left(\frac{36}{100}+1\right)=76{,}93$кА	
$I_{n0К}$=11,18 кА	$I_{дин}$=50 кА	
$i_у$=31,236 кА	$i_{дин}=125$ кА	$I_{дин}$=80кА
$B_К=22{,}49$ кА^{2}с	$I^2{}_{n,0}\cdot(t_{ОТК}+T_a)=50^2\cdot=7500\ кА^2\cdot с$	$I^2{}_{ТЕР}\cdot t_{ТЕР}=31{,}5^2\cdot 4=$ $3969 кА^2\cdot с$

К-3 нүктесіндегі қысқа тұйықталуды есептеу



2.13 сурет - Станцияның электрлік бөлігінің орынбасу сұлбасы

Г1, Г2,Г3 генераторларының кедергілері:

$$X_{1.1}= X_{Г1} // X_{Г2} // X_{Г3}= 1{,}37 // 1{,}37 // 1{,}37 =0{,}456 \text{ ш.б.}$$

Т1, Т2 трансформатордың кедергілері:

$$X_{1.2}= X_{Т1} // X_{Т2} = 0{,}52 // 0{,}52 = 0{,}26 \text{ ш.б;}$$

$$X_1= X_{1.1} + X_{1.2} = 0{,}456 +// 0{,}26 = 0{,}716 \text{ ш.б.}$$

Ары қарай Г4, Г5 генераторлары өзара параллель орналасқан:

$$X_4 = X_{Г4} // X_{Г5} = 1,536 // 1,536 = 0,767 \text{ ш.б}$$

АТ3 және АТ4 автотрансформаторларының кедергісін есептесек:


$$X_{3.1} = X_{АТ3.1} // X_{АТ4.1} = 0,575 // 0,575 = 0,287 \text{ ш.б}$$

$$X_{3.2} = X_{АТ3.2} // X_{АТ4.2} = 0 \text{ ш.б}$$

$$X_{3.3} = X_{АТ3.3} // X_{АТ4.3} = 1,025 // 1,025 = 0,512 \text{ ш.б}$$


Желідегі кедергілерді есептесек:

$$X_5 = X_{Л1} // X_{Л2} = 0,144 // 0,144 = 0,072 \text{ ш.б}$$




2.14 сурет - Орын басу сұлбасының қарапайымдатылған түрі

$$X_6 = X_{3.1} + X_{3.3} + X_4 = 0,287 + 0,512 + 0,767 = 1,566 \text{ ш.б}$$



2.15 сурет - Орын басу сұлбасының қарапайымдатылған түрі

$$X_7 = X_1 + X_6 = 0{,}716 + 1{,}66 = 2{,}376 \text{ш.б.}$$



2.16 сурет - Орын басу сұлбасының қарапайымдатылған түрі

Қысқа тұйықталу 220 кВ тарату құрылғысында болғандықтан $U_{орт\text{-}К3}$ =230 кВ болады

Базалық тоқтың мәні:

$$I_б = \frac{S_б}{\sqrt{3}\ U_{срк1}} = \frac{1000}{\sqrt{3}\cdot 230} = 2{,}51 кА.$$

G1,G2,G3 тоғы мұндағы : $X_р$ – тармақтағы кедергінің нәтижелік көрсеткіші; $I_б$ – базалық ток:

$$I_{n0} = \frac{E_0^{\backslash\backslash\backslash}}{X_p}\ I_b = \frac{1{,}11}{0{,}716}\ 2{,}51 = 3{,}89 кА.$$

Энергожүйенің және G4,G5 тоғы:

$$I_{n0} = \frac{E_0^{\backslash\backslash\backslash}}{X_p}\ I_b = \frac{1{,}112}{2{,}376}\ 2{,}51 = 1{,}17 кА.$$

Осы 2 токтың мәнін қоссақ:

$$I_{n0К} = 3{,}89 + 1{,}17 = 5{,}06 кА.$$

К-2 нүктесі үшін соққы тоғы:

$$i_y = \sqrt{2} \cdot k_y \cdot I_{n0.}$$

G1,G2,G3 үшін k_y=1,976:

$$i_{y1} = \sqrt{2} \cdot k_y \cdot I_{n0} = \sqrt{2} \cdot 1{,}976 \cdot 3{,}89 = 10{,}87 кА.$$

Энергожүйенің және G4,G5 k_y=1,975:

$$i_{y2} = \sqrt{2} \cdot k_y \cdot I_{n0} = \sqrt{2} \cdot 1{,}975 \cdot 1{,}17 = 3{,}26 кА.$$

Соққы тоғының жалпы мәні:

$$i_y = i_{y1} + i_{y2} = 10{,}87 + 3{,}26 = 14{,}13 кА.$$

Номиандлы токты есептейтін болсақ:

$$I_{ном} = \frac{P_{ном}}{\sqrt{3}\ U_{ном} Cos\varphi ном} = \frac{100\cdot 10^6}{\sqrt{3}\ 230\cdot 10^3\ 0{,}85} = 295{,}53\ А.$$

Апаттан кейін:

$$I_{MAX} = \frac{P_{ном}}{\sqrt{3}\ U_{ном} \cdot 0{,}95 \cos\varphi ном} = \frac{100 \cdot 10^6}{\sqrt{3}\ 230 \cdot 0{,}85 \cdot 10^3\ 0{,}95} = 310{,}867 \text{ А.}$$

Енді осы мәндерді ескере отырып ажыратқыш таңдасақ ЯЭ-220Л-11(21)У4 (Uном=220 кВ, Iном=1250 А, tотк=0,065)

$$\tau = t_{РК} + t_{ОТК} = 0{,}01 + 0{,}065 = 0{,}075 \text{ с.}$$

ЭЖ келетін қысқа тұйықталу тоғының периодикалық құрамының бастапқы мәні, сол қысқа тұйықталу тоғының периодикалық құрамына тең болады:

$$I_{n02} = I_{П\tau} = 5{,}06.$$

Апериодикалық тоғы:

$$i_{ntG1G2G3} = \sqrt{2} \cdot I_{n,0,G1G2G3} \cdot e^{\frac{-t}{Ta}} = \sqrt{2} \cdot 5{,}06 \cdot e^{\frac{-0.075}{0.4}} = 5{,}82 \text{ кА.}$$

Г1 ,Г2және Г3 генераторларынан ағатын токтың периодикалық құраушысы:

$$i_{ntG1G2G3} = \frac{I_{n01}}{I_{НОМ}} = \frac{3{,}89}{0{,}295} = 13{,}18 \text{кА;}$$

$$\frac{I_{n01}}{I_{П\tau}} = 2{,}33 \text{ кА.}$$

Бұдан:

$$I_{П\tau} = 2.33 * 3{,}89 = 9{,}06 \text{ кА.}$$

Апериодикалық тоғы:

$$i_{ntG1G2G3} = \sqrt{2} \cdot I_{n,0,G1G2G3} \cdot e^{\frac{-t}{Ta}} = \sqrt{2} \cdot 9{,}06 \cdot e^{\frac{-0.075}{0{,}417}} = 10{,}5 \text{ кА.}$$

Қорытынды периодикалық ток:

$$\sum I_{n,\tau} = 5{,}06 + 9{,}06 = 14{,}12 \text{ кА.}$$

Қорытынды апериодикалық ток:

$$\sum i_{a,t} = 10{,}5 + 5{,}82 = 16{,}32 \text{ кА}.$$

Қысқа тұйықталу тогының толық квадраттық импульсі:

$$B_K = I^2_{n,0,k3} \cdot \left(t_{айыр} + T_a\right) = 5{,}06^{\,2} \cdot \left(0{,}065 + 0{,}4\right) = 11{,}9 \text{ кА}^2\text{с}.$$


Ажыратқыштарды таңдау шарты:

1. $U_{УСТ} \le U_{НОМ}$;
2. $I_{MAX} \le I_{НОМ}$;
3. $I_{n,\tau} \le I_{ОТК,НОМ}$;
4. $i_{a,\tau} \le I_{A,НОМ} = \sqrt{2} \cdot \beta_Н \cdot I_{ОТК,НОМ5} / 100$;
5. $\sqrt{2} \cdot I_{n,\tau} + I_{a,\tau} \le \sqrt{2} \cdot I_{ОТК,НОМ} \cdot \left(\frac{\beta_Н}{100} + 1\right)$;
6. $I_У \le I_{дин}$;
7. $B_K \le I^2_{n,0} \cdot \left(t_{ОТК} + T_a\right)$.

2.14 кесте - Ажыратқыштар мен айырғыштарды таңдау

Менің есептегенім	Ажыратқыш ЯЭ-220Л-11(21)У4	Айырғыш РНД-110/630 Т1
$U_{НОМ}$ =220 кВ	$U_{НОМ}$ = 220 кВ	$U_{НОМ}$ =110 кВ
I_{MAX} =310,867 А	$I_{НОМ}$ =12,5 кА	$I_{НОМ}$ =630 А
$I_{n,\tau}$ =14,12 кА	$I_{ОТК,НОМ}$ =40 кА	
$i_{a,\tau}$ =16,32 кА	$I_{A,НОМ} = \sqrt{2} \cdot \beta_Н \cdot I_{ОТК,НОМ5} / 100 =$ $\sqrt{2} \cdot 40 \cdot 36 / 100 = 20{,}36$ кА	
$\sqrt{2} \cdot I_{n,\tau} + I_{a,\tau} =$ $\sqrt{2} \cdot 14{,}12 + 16{,}32 = 36{,}28$кА	$\sqrt{2} \cdot I_{ОТК,НОМ} \cdot \left(\frac{\beta_Н}{100} + 1\right) =$ $\sqrt{2} \cdot 40 \cdot \left(\frac{36}{100} + 1\right) = 76{,}93$кА	
$I_{n0К}$=5,06 кА	$I_{дин}$=50 кА	
$i_У$=14,13 кА	$i_{дин}$ =125 кА	$I_{дин}$=80кА
$B_К$ =11,9 кА^{2}с	$I^2_{n,0} \cdot \left(t_{ОТК} + T_a\right) = 50^2 \cdot 3 = 7500$ $кА^2 \cdot с$	$I^2_{ТЕР} \cdot t_{ТЕР} = 31{,}5^2 \cdot 4 =$ $3969 кА^2 \cdot с$

К-4 нүктесіндегі қысқа тұйықталуды есептеу



2.17 сурет - Станцияның электрлік бөлігінің орынбасу сұлбасы

Г1, Г2,Г3 генераторларының кедергілері:

$$X_{1.1}= X_{Г1} // X_{Г2} // X_{Г3}= 1,37 // 1,37 // 1,37 =0,456 \text{ ш.б.}$$

Т1, Т2 трансформатордың кедергілері:

$$X_{1.2}= X_{Т1} // X_{Т2} = 0,52 // 0,52 = 0,26 \text{ ш.б;}$$

$$X_1= X_{1.1} + X_{1.2} = 0,456 +// 0,26 = 0,716 \text{ ш.б.}$$

Желідегі кедергілерді есептесек:


$$X_5= X_{Л1} // X_{Л2} = 0,144 // 0,144 =0,072 \text{ ш.б.}$$

Ары қарай автротрансформаторларды қарастырсақ онда:

$$X_4= X_{АТ3.1} + X_{АТ3.3}= 0,575 + 1,25=1,825 \text{ ш.б;}$$

$$X_6= X_{АТ4.1} + X_{АТ4.3}= 0,575 + 1,25=1,825 \text{ ш.б;}$$

$$X_7 = X_6 + X_{Г5} = 1,825 + 1,536 = 3,361 \text{ ш.б.}$$




2.18 сурет - Орын басу сұлбасының қарапайымдатылған түрі

Ары қарай есептесек:

$$X_8 = X_4 + X_7 = 1,825 + 3,361 = 5,186 \text{ ш.б;}$$

$$X_9 = X_5 + X_7 = 0,072 + 5,186 = 5,258 \text{ ш.б.}$$



2.19 сурет - Орын басу сұлбасының қарапайымдатылған түрі

Қысқа тұйықталу 10кВ нүктесінде сол себепті $U_{орт\text{-}К1} = 10,5$ кВ болады

Базалық тоқтың мәні:

$$I_б = \frac{S_б}{\sqrt{3}\ U_{срк1}} = \frac{1000}{\sqrt{3}\cdot 10.5} = 55.1 \text{ кА}.$$

G1,G2,G3 тоғы мұндағы : $X_р$ – тармақтағы кедергінің нәтижелік көрсеткіші; $I_б$ – базалық ток:

$$I_{п0} = \frac{E_0^{\backslash\backslash\backslash}}{X_p} I_b = \frac{1,112}{5,258} 55,1 = 11,65 \text{ кА}.$$

Энергожүйенің және G4,G5 тоғы:

$$I_{п0} = \frac{E_0^{\backslash\backslash\backslash}}{X_p} I_b = \frac{1,11}{1,536} 55,1 = 39,8 \text{ кА}.$$

Осы 2 токтың мәнін қоссақ:

$$I_{п0К} = 39,8 + 11,65 = 51,46 \text{ кА}.$$

К-1 нүктесі үшін соққы тоғы:

$$i_y = \sqrt{2} \cdot k_y \cdot I_{п0.}$$

G1,G2,G3 үшін k_y=1,976:

$$i_{y1} = \sqrt{2} \cdot k_y \cdot I_{п0} = \sqrt{2} \cdot 1,976 \cdot 11,65 = 32,55 \text{ кА}.$$

Энергожүйенің және G4,G5 k_y=1,975:

$$i_{y2} = \sqrt{2} \cdot k_y \cdot I_{п0} = \sqrt{2} \cdot 1,975 \cdot 39,8 = 110,9 \text{ кА}.$$

Соққы тоғының жалпы мәні:

$$i_y = i_{y1} + i_{y2} = 32,55 + 110,9 = 143,45 \text{ кА}.$$

Номиандлы токты есептейтін болсақ:

$$I_{ном} = \frac{P_{ном}}{\sqrt{3}\ U_{ном} Cos\varphi ном} = \frac{100 \cdot 10^6}{\sqrt{3}\ 10,5 \cdot 10^3\ 0,85} = 6,469 \text{ кА}.$$

Апаттан кейін:

$$I_{MAX} = \frac{P_{ном}}{\sqrt{3}\ U_{ном} \cdot 0{,}95 Cos\varphi ном} = \frac{100 \cdot 10^6}{\sqrt{3}\ 10{,}5 \cdot 0{,}85 \cdot 10^3\ 0{,}95} = 6{,}81 \text{ кА}.$$

Енді осы мәндерді ескере отырып ажыратқыш таңдасақ ВГМ-30-90 (Uном=20 кВ, Iном=11200А, tотк=0,15)

$$\tau = t_{РК} + t_{ОТК} = 0{,}01 + 0{,}15 = 0{,}16 \text{ с}.$$

G1,G2,G3 генераторларының перидикалық құраушылары ТВФ-100-2 үшін Та=0.417

$$i_{ntG1G2G3} = \sqrt{2} \cdot I_{n,0,G1G2G3} \cdot e^{\frac{-t}{Ta}} = \sqrt{2} \cdot 11{,}65 \cdot e^{\frac{-0.16}{0.417}} = 11{,}48 \text{ кА}.$$

G4,G5 генераторларының аперидикалық құраушылары ТВФ-120-2 үшін Та=0,4.

$$i_{ntG4G5} = \sqrt{2} \cdot I_{n,0,G4G5} \cdot e^{\frac{-t}{Ta}} = \sqrt{2} \cdot 39{,}8 \cdot e^{\frac{-0.16}{0.,4}} = 35{,}5 \text{ кА}.$$

Қысқа тұйықталу тогының толық квадраттық импульсі:

$$B_K = I^2_{n,0,k4} \cdot \left(t_{айыр} + T_a\right) = 11{,}65^2 \cdot (0{,}15 + 0{,}115) = 35{,}966 \text{ кА}^2\text{с}.$$

Ажыратқыштарды таңдау шарты:

1. $U_{УСТ} \le U_{НОМ}$;
2. $I_{MAX} \le I_{НОМ}$;
3. $I_{n,\tau} \le I_{ОТК,НОМ}$;
4. $i_{a,\tau} \le I_{A,НОМ} = \sqrt{2} \beta_н \cdot I_{ОТК,НОМ5} / 100$;
5. $\sqrt{2} \cdot I_{n,\tau} + I_{a,\tau} \le \sqrt{2} \cdot I_{ОТК,НОМ} \cdot \left(\frac{\beta_н}{100} + 1\right)$;
6. $I_у \le I_{дин}$;
7. $B_K \le I^2_{n,0} \cdot \left(t_{ОТК} + T_a\right)$.

2.15 кесте - Ажыратқыштар мен айырғыштарды таңдау

Менің есептегенім	Ажыратқыш ВВГ-20-160	Айырғыш РВР-20/6300 УЗ
$U_{НОМ}$ =10 кВ	$U_{НОМ}$ =20 кВ	$U_{НОМ}$ =25 кВ
I_{MAX} =6,81 кА	$I_{НОМ}$ =11,2 кА	$I_{НОМ}$ =6300 А

$I_{n,\tau}$=11,48 кА	$I_{OTK,HOM}$=90 кА	
$i_{a,\tau}$=35,5 кА	$I_{A,HOM} = \sqrt{2} \cdot \beta_H \cdot I_{OTK,HOM5} / 100 =$ $\sqrt{2} \cdot 25 \cdot 90 / 100 = 31{,}819$ кА	
$\sqrt{2} \cdot I_{n,\tau} + I_{a,\tau} =$ $\sqrt{2} \cdot 11{,}48 + 35{,}5 = 51{,}73$кА	$\sqrt{2} \cdot I_{OTK,HOM} \cdot \left(\frac{\beta_H}{100} + 1\right) =$ $\sqrt{2} \cdot 90 \cdot \left(\frac{25}{100} + 1\right) = 159{,}09$кА	
I_{n0K}=51,46 кА	$I_{дин}$=90 кА	
i_y=143,45 кА	$t_{дин} = 320$ кА	$I_{дин}$=260 кА
$B_K = 3563{,}14$ кА^{2}с	$I^2{}_{n,0} \cdot (t_{OTK} + T_a) = 90^2 \cdot 4 = 32400$ $кА^2 \cdot с$	$I^2{}_{TEP} \cdot t_{TEP} = 105^2 \cdot 4 =$ $44100 кА^2 \cdot с$

2.5 Тоқ және кернеу трансформаторларын таңдау

Тоқ трансформаторының таңдау шарттары:

- $U_{КОН} \le U_{НОМ}$;
- $I_{НОМ.Есептік} \le I_{НОМ}$.

Дәлдік класымен:

- $i_y \le i_{дин}$;
- $B_K \le I^2{}_{TEP} \cdot t_{TEP}$.

2.16 кесте - К-1 нүктесі үщін ТШВ-15-У3 ток трансформаторын таңдаймыз

К-1 мәндері	Трансформатор мәндері
$U_{НОМ}$ =10 кВ	$U_{НОМ}$ =15 кВ
$I_{НОМ.Есептік}$=6,47 кА	$I_{НОМ}$=8000 А
i_y=413,23 кА	$i_{дин}$=450 кА
$B_K = 4587{,}32$ кА^{2}с	$I^2{}_{TEP} \cdot t_{TEP}$=19200 кА^{2}с

2.17 кесте - К-2 нүктесі үщін ТФЗМ110Б-III ток трансформаторын таңдаймыз

К-2 мәндері	Трансформатор мәндері
$U_{НОМ}$ =110 кВ	$U_{НОМ}$ =110 кВ
$I_{НОМ.Есептік}$=6,47 кА	$I_{НОМ}$ =2000А
i_y=31,236 кА кА	$i_{дин}$=212 кА
$B_K = 22{,}49$ кА^{2}с	$I^2{}_{TEP} \cdot t_{TEP}$=108 кА^{2}с

2.18 кесте - К-3 нүктесі үщін ТФЗМ 220Б-III ток трансформаторын таңдаймыз

К-3 мәндері	Трансформатор мәндері
$U_{НОМ}$ =220 кВ	$U_{НОМ}$ =220 кВ
$I_{НОМ.Есептік}$ =295,53 А	$I_{НОМ}$ =1200 А
i_y=14,13 кА	$i_{дин}$=100 кА
B_K =11,9 $кА^2с$	$I^2_{ТЕР} \cdot t_{ТЕР}$ =4609,92 $кА^2с$

2.19 кесте - К-4 нүктесі үщін ТШВ-24-УЗ ток трансформаторын таңдаймыз

К-1 мәндері	Трансформатор мәндері
$U_{НОМ}$ =10 кВ	$U_{НОМ}$ =24 кВ
$I_{НОМ.Есептік}$ =6,469 кА	$I_{НОМ}$ =24000 А
i_y=143,45 кА	$i_{дин}$=450 кА
B_K = 3563,14 $кА^2с$	$I^2_{ТЕР} \cdot t_{ТЕР}$ =4800 $кА^2с$

Енді кернеу трансформаторын тандау шарттары:

- $U_{КОН} \leq U_{НОМ}$;
- конструкциясымен және орамының қосылу схемасымен;
- дәлдік класымен;
- $S_{2РАС} \leq S_{2НОМ}$.

.

2.19 кесте

1-кернеу трансформаторы	2-кернеу трансформаторы	3-кернеу трансформаторы	4-кернеу трансформаторы
U_H =10 кВ	U_H =110кВ	U_H =220кВ	U_H =10кВ
U_{1H} =10кВ	U_{1H} =110кВ	U_{1H} =220кВ	U_{1H} =10кВ
U_{2H} =10	U_{2H} =110кВ	U_{2H} =220кВ	U_{2H} =10кВ
$S_{пред}$=630 ВА	$S_{пред}$=2000 ВА	$S_{пред}$=2000 ВА	$S_{пред}$=400 ВА
НОМ-10-66	НКФ-110-58	НКФ-220-58	НТМИ-10-66

3 Экономикалық бөлім

3.1 Өндірістің жоспары

Энергетика кәсіпорыны техникалық мәселелерді шешу кезінде қашан да шығындар мен жоба өндірісінің нәтижелері арасында үйлесімді арақатынасқа ие болуы және күрделі қаржы жұмсаудың жаңа формаларын қарастыруы тиіс.

Техникалық шешімдердің тиімділігін техникалық-экономикалық негіздеме немесе бизнес-жоспарды жасаумен зерттеуге болады.

Техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) – экономикалық тиімділікті зерттеу, жасалынатын инвестициялық жобаның экономикалық көрсеткіштерін талдау және есептеу.

ТЭН жасау кезінде басты тапсырма инвестициялық жобаға кететін шығындарды және оның нәтижелерін бағалау, жобаның өтелу мерзімін талдау болып табылады.

Техникалық-экономикалық негіздеме келесі тақырыптық бөлімдерден тұруы мүмкін: ұсынылатын жоба мазмұнының қысқаша сипаттамасы (жобаның технологиялық және инженерлік аспектілері, жобада пайдаланылатын қажетті ресурстар); нарыққа шағын шолу (өткізу нарығы, өндіріс қуаты және өндірістік бағдарлама, сату болжамы, электр энергиясының тарифтері және т.б.); объектінің аумақтық орналасқан жері; еңбек ресурстары (болжамды қызметақы және жалақы); жоспарланатын жобаның экономикалық және қаржылық жағдайын жалпы бағалау.

Болашақта қаланың өсуіне және электрэнергия тұтынушыларының көбеюіне байланысты, соған сәйкесінше электрэнергияның өсуін талап етеді. ЖЭО құрлысына байланысты күштік жабдықтарды таңдап және оларды жайғастыру қажет, келешекте ЖЭО кеңеюіне, өсуіне мүмкіндік жасалуы керек. ЖЭО қызметінің бағдарламасын дайындау стратегиялық жоспарлаудың бірінші кезеңі болып табылады, оның астында стратегиялық жоспарлауды қолдау және құру бойынша басқару қызметі мен ЖЭО мақсаттары, оның потенциалды мүмкіндіктері жатады.

Біздің жағдайда электрэнергияға қажетті әр түрлі азықтың бағасын төмендету үшін, энергия саласында жұмыс істейтін инженерлер, экономистер, менеджерлер, ғылыми жұмысшылар және басқа маман жұмысшылары осы тапсырманың ең тиімді жолын қарастырып шығарып жатыр. Қазіргі заманға сай станцияларға бірнеше талаптар қойылады, олар бірінші кезекте атмосфераға экологиялық шығарылымдардын және зиянды заттардың таралу көлемін және екіншісі станцияның жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздігін қанағаттандыру керек. Осыған байланысты электр және жылу энергиясын арзан тәсілмен алуды жетілдіру үшін жаңа технологиялар мен конструкторлы есептеулер қолданылады.

3.2 ЖЭО-ның жылдық энергия жіберуін анықтау

Бір кВт·сағ өндіруге жұмсалатын отынның меншікті шығысы 190-210 ш.о.г/кВт·сағ.

Қатты отынның тасымалдану құнының шамасы 0,8-1,0 теңге/т-км.

Электр стансасының жұмысы кезінде өндірілетін энергияның бір бөлігі стансаның өзіндік мұқтажына жұмсалады. Электр энергиясының бұл шығысы қондырғының типіне және оның бірлік қуатына, қолданатын отын түріне, негізгі және көмекші қондырғылардың техникалық жетілу дәрежелеріне жәнестансада техника мен қаржы саясатын дұрыс жүргізуге байланысты болады. Стансаның өзіндік мұқтажына жұмсалатын электр энергиясының шығысы -6 дан 16%-ға дейін.

Есептерде өзіндік мұқтаждықты электрмен қамтамасыз ету үшін кететін электр энергиясының шығынын – 7-9% деп қабылдадым.

Электр және жылу энергияларының жылдық жіберулері келесі кейіптемелермен анықталады:

$$Э_{жіб} = Э_{өнд} \cdot (1 - Э_{ө.м.}), \text{ млн. кВт·сағ.} \quad (3.1)$$

мұндағы $Э_{өнд}$ – электр энергиясының 1 жыл ішінде өндірілуі. Ол келесі түрде анықталады.

$$Э_{өнд} = t_ж \cdot \sum P_{i.ж} \cdot t_{i.ж} + t_қ \cdot \sum P_{i.қ} \cdot t_{i.қ}, \text{ млн. МВт·сағ.} \quad (3.2)$$

мұндағы $t_ж$, $t_қ$ – жазғы және қысқы күндердің саны;

$P_{i.ж}$, $P_{i.қ}$ – қуаттың уақыт бойынша өндірілуі, МВт;

$t_{i.ж}$, $t_{i.қ}$ – жазғы және қысқы күндердегі қуат өндіру уақыты, сағ.

$$Э_{өнд} = 165 \cdot (8 \cdot 459 \cdot 10^3 + 16 \cdot 351 \cdot 10^3) + 200 \cdot (8 \cdot 570 \cdot 10^3 + 16 \cdot 459 \cdot 10^3) = 3865 \cdot 10^6 \text{ кВт·сағ;}$$

$$Э_{жіб} = 3865 \cdot (1 - 0{,}07) = 3594{,}45 \text{ млн. кВт·сағ.}$$

3.3 Отынға жұмсалатын шығынды есептеу

Отынға кететін шығындарды анықтау үшін ең алдымен станцияның қандай отынмен жұмыс істейтінін анықтау керек. Жобаланып отырған станцияда Екібастұздың көмірі жағылады деп қабылдадым.

Электр және жылу энергияларын өндіруге кететін жылдық отын шығыны:

$$В_Э = Э_Ө \cdot b_Э, \text{ мың ш.о.т;} \quad (3.3)$$

$$В_Э = 3{,}865 \cdot 10^6 \cdot 0{,}19 = 7343{,}5 \text{ мың ш.о.т.}$$

Жылу электр орталығының жалпы отын шығыны:

$$В_Ш = Э_Э = 7343{,}5 \text{ мың ш.о.т.}$$

Шартты отынмен есептелген мәндерді табиғи отынға айналдыру керек. Ол үшін келесі қатынасты қолданамыз:

$$В_Т = Э_Ш / К_А, \text{ мың т.о.т.}$$

$$В_Т = \frac{7343{,}5}{1{,}667} = 4405 \text{ мың ш.о.т.} \quad (3.4)$$

мұндағы $К_А$ – шартты отынды табиғи отынға айналдыратын еселеуіш. Ол шартты отынның жылу шығару қабілетінің табиғи отынның жылу шығару қабілетіне қатынасымен анықталады:

$$К_А = \frac{7000}{4200} = 1{,}667.$$

Келесі мәселе - отынды тасымалдуға кететін шығын. Бұл шығынды анықтау үшін Екібастұздан Алматыға дейінгі қашықтықты R =1300 км екндігін анықтадым. Отынның бір тонна табиғи отынды тасымалдау үшін кететін шығын:

$$Б_{тасым} = R \cdot (0{,}8 - 1), \text{ теңге/т.о.т.} \quad (3.5)$$

Яғни қатты отынды бір километр арақашықтыққа тасымалдау үшін 0,8-1 теңге шығындалады деп қабылдадым. Берілген шамаларды қолданып отынды тасымалдауға кеткен шығынды анықтаймын:

$$Б_{тасым} = 1300 \cdot 0{,}8 = 1040 \text{ теңге/т.о.т.}$$

Жалпы отынға кететін шығынды анықтау үшін келесі формуланы қонданамын:

$$Ш_{отын} = В_Т \cdot (Б_{отын} + Б_{тасым}), \text{ млн. теңге;} \quad (3.6)$$

$$Ш_{отын} = 4405 \cdot (8500 + 1040) = 6211 \text{ млн. теңге.}$$

3.4 Отынды қолданудың ПӘК-і

Пайдалы әрекет коэффициенті 100%-ға тең құрылғыда 1 кВт*сағ электр энергияны өндіру үшін 123 ш.о.г. жағылу керектігі белгілі. Осыны қолданып отынның ПӘК-ін келесідей табуға болады:

$$ПӘК = \frac{123}{b_э} \cdot 100\,\%\,; \quad (3.7)$$

$$ПӘК = \frac{123}{190} \cdot 100\,\% = 64{,}74\%\,.$$

Жылулық энергия өндіру бойынша анықтау:

$$ПӘК = \frac{0{,}86 \cdot Э_{жіб}}{7 \cdot В} \cdot 100\,\%; \quad (3.8)$$

$$ПӘК = \frac{0{,}86 \cdot 3865}{7 \cdot 7343{,}5} \cdot 100\,\% = 64{,}7\%.$$

мұндағы 0,86 – электрлік энергияны жылу энергиясына аудару еселеуіші

7 – шартты отын ұшін жылу шығару қабілеттілігі, 7000 ккал/кг.

3.5 Станциядағы сұға кететін шығындар

ЖЭО-да су шығыр шықтандырғыштарында буды салқындатуға, жылуменқамдау жүйелерін толықтыруға, генераторлар мен трансформаторлардың салқындатылуына, күлді тазалауға және т.б. шығындалады. Стансалардың сумен қамдау жүйесіне (тікелей, айналмалы) сәйкесті су шығындарының шамалары да әртүрлі болады. Мысал ретінде Қазақстандағы стансалардың біріндегі суға кететін шығынның көлемі 0,13-0,15 теңге/кВт·сағ аралығында екен. Күрделі есептер үшін сумен қамдаудағы шығындар келесідегідей табылады:

$$Ш_с = Э_с\ (0{,}13 - 0{,}15),\ \text{млн.теңге;} \qquad (3.9)$$

$$Ш_с = 3865 \cdot 0{,}13 = 502{,}45\ \text{млн. теңге.}$$

3.6 Еңбекақы шығындарын есептеу

Өндірісте және қызмет көрсететін ЖЭО-ының өнеркәсіптік-өндірістік персоналға (ӨӨП) жұмсалатын еңбекақыларды анықтау үшін оның санын білу қажет. ӨӨП-лар -пайдалану, жөндеу және әкімшілік-басқару деп жіктеледі. Олардың саны негізінен негізгі энергетикалық қондырғының қуаты мен санына, қолданатын отын түріне, жөндеу жүргізу тәсілдеріне тәуелді болады.

ӨӨП санын электр стансасында 1 МВт орнатылған электр қуатына қанша адам саны кететінін көрсететін штаттық еселеуіш арқылы анықтауға болады. Стансаның орнатылған электр қуатын осы қуатты пайдаланудың максималды сағат саны және электр энергиясын жылдық өндіру шамасы арқылы анықтауға болады, яғни:

$$N_{орн} = \frac{Э_{енд}}{Т_м},\ \text{МВт;} \qquad (3.10)$$

$$N_{орн} = \frac{3865}{5000} = 0{,}61\ \text{МВт.}$$

Орнатылған қуатты пайдаланудың максималды сағат саны Тм-ді есепте 5500 сағат деп аламыз. Жоғарыда айтылып өткендей, студенттерге нұсқа жетпеген жағдайда Тм санын 5000 сағат (оңтүстік аймақтар) және 6000 сағат (солтүстік аймақтар) деп түзетеміз.

Қазақстанның кейбір стансаларындағы жұмысшылардың саны туралы әдеби және іс-жүзіндегі мәліметтер бойынша штаттық еселеуіштің орташа

мәндерін алуға болады (Кш): орнатылған қуаты 500 МВт-тан жоғары ЖЭО үшін - 1,3 -1,5 адам/МВт, қуаты 500 МВт-тан аз болса- 1,6 - 1,8 адам / МВт.

$$ҚС = К_{ш} \cdot К_{орн}, \text{ адам;} \quad (3.11)$$

$$ҚС = 1,5 \cdot 0,61 \cdot 3865 = 3536,47 \text{ адам.}$$

Еңбекақының қосынды қорына кіретіндер:

- негізгі еңбекақы(Шнеа), оған энергияны өндірудің технологиялық үрдісте айналысатын жұмысшылардың еңбекақысы кіреді, сонымен қатар жұмыс істелген уақытпен байланысты (тарифтік мөлшерлемелер жәнеміндетті айлық ақылар, еңбекақы қорынан алынатын жұмысшылардың сыйақылары, мерекелік күндер мен түнгі уақыттағы жұмыс үшін төленетін қосымша төлемдер және т.б.) ақылар да кіреді.

- қосымша еңбекақыға (Шқеа) жұмыс уақытына байланысты емес (кезекті, қосымша және оқуға байланысты демалыстарға және мемлекеттік міндеттерді орындауға байланысты төлемдер және т.б.) төлемдеркіреді.

- еңбекақыдан алынатын төлемдерге (Шеаа) әлеуметтік салықтар және зейнеткерлік қорға түсетін аударылымдар кіреді.

Еңбекақының қосынды қорын анықтайтын кейіптеме мынаған тең:

$$Ш_{еа} = Ш_{неа} + Ш_{қеа} + Ш_{еаа}, \text{ млн. теңге;} \quad (3.12)$$

$$Ш_{неа} = 3536,47 \cdot 0,66 = 1697,5 \text{ млн. теңге;}$$

$$Ш_{қеа} = 1697,5 \cdot 0,1 = 169,7 \text{ млн. теңге;}$$

$$Ш_{ееа} = 1697,5 \cdot 0,215 = 364,96 \text{ млн. теңге;}$$

$$Ш_{еа} = 1697,5 + 169,7 + 364,96 = 2232,16 \text{ млн. теңге.}$$

Орташа жылдық негізгі еңбекақының шамасы $Ш_{неа}$ бір қызметкерге 660 мыңтеңге деп қабылданады. $Ш_{қеа}$ шамасы $Ш_{неа}$ шамасының 10-15 % мөлшеріне тең деп алынады. Еңбекақыдан алынатын аударылымдар $Ш_{ееа}$ (әлеуметтік салық және зейнеткерлік қорға аударымдар) $Ш_{неа}$ және $Ш_{қеа}$ қосындысының 21.5% мөлшеріне тең деп қабылданады.

3.7 Амортизациялық аударылымдарды есептеу

Амортизациялық аударылымдар жабдықтардың табиғи және моральдық тозуын қаржылай орнын толтыру екені белгілі және күрделі жөндеу жүргізу мен тозған жабдықтардың орнына жаңа жабдықтар алуға (реновация) жұмсалады. Амортизациялық аударылымдар стансаның қосынды капиталдық салымдар шамасынан (әдетте әдебиеттерде аталатын: негізгі өндірістік

қорлар, мекемелердің негізгі активтері, негізгі капитал) пайызбен алынады. Әрбір жабдыққа жұмыс уақытына және өндірістік үрдістегі өндірістік қорлардың тағайындалуына байланысты амортизациялаудың өз нормалары белгіленген. Амортизацияның шектік нормалары ҚР Президентінің №2235 24.04.95 ж., заң күшіне ие Қаулысына байланысты белгіленеді, амортизация нормаларын одан жоғары қолдануға болмайды.

Негізгі өндірістік қорлар (капиталдық салымдар) бағасын анықтау үшін алдын ала есептеулер жүргізгенде ТМД елдері мен шет елдерде меншікті капитал салымдары көрсеткіші Кменшкеңінен қолданылады. Оның мәні тіпті бір типті стансалар ішінде блоктарының қуатына, олардың санына, пайдаланылатын отынның түріне және экологиялық талаптарға байланысты кең ауқымда жатады. Есептеулерде Кменш шамасы ЖЭО үшін - 850 $/кВт деп қабылдадым. Орнатылған қуаттары диапозонына жататын стансалар үшін $К_{менш}$ сәйкес үлесте қабылданады. АҚШ долларының бағасын есептеуде 330 теңге деп қабылдадым

$$К = К_{менш} \cdot N_{орн}, \text{ млн. теңге;} \qquad (3.13)$$

$$К = 850 \cdot 570 \cdot 330 = 161040 \text{ млн. теңге.}$$

Орташа есеппен блоктардың жәнестансаның жалпы қуатына, пайдаланылатын отын түріне байланысты амортизациялау нормасы 6 - 8 % аралығында болады. Жалпылама есептеулер жүргізу үшін амортизациялық аударылымдар нормаларын К шамасының 7% мөлшерінде қабылдау керек

$$Ш_а = 0,07 \cdot К, \text{ млн. теңге;} \qquad (3.14)$$

$$Ш_а = 0,07 \cdot 161040 = 11272,8 \text{ млн. теңге.}$$

3.8 Ағымдағы жөндеу шығындарын есептеу

Бұл шығын құраушысына өндірістік жабдықтарға ағымдағы жөндеу жүргізуге кететін шығындардан басқа техникалық қарап шығуға және жұмыскезіндегі жабдықтарды жұмысқа қабілетті күйінде ұстап тұруға (сүрту және майлау материалдары) кететін шығындар жатады және мына шамада анықталады.

$$Ш_ж = 0,15 \cdot Ш_а, \text{ млн. теңге;} \qquad (3.15)$$

$$Ш_ж = 0,15 \cdot 11272,8 = 1690.92 \text{ млн. теңге.}$$

3.9 Шығарындыларға төлемдерді есептеу

Зиянды заттарды шығаруға төленетін ақы мөлшері шығарындылар көлеміне байланысты. Олар өз кезегінде жағылатын отын түріне (көмір, газ, мазут), оның мөлшеріне және зиянды заттарды ұстау тәсіліне (электрлік фильтрлер, эмульгаторлар) байланысты болады. Біздің жағдайда, бұл құраушыны жұмыс істеп түрған стансалармен салыстыра отырып, ұқсастық әдісімен анықтаған жөн. Екібастұз көмірін жаққан кездегі шығарындыларға төлем мөлшері бір табиғи отын тоннасы үшін 110-120 теңге шегінде болатыны анықталған, сонда:

$$Ш_{шығ} = (110\text{-}120) \cdot В_Т, \text{ млн. теңге;} \qquad (3.16)$$

$$Ш_{шығ} = 110 \cdot 440{,}5 = 48.45 \text{ млн. теңге.}$$

3.10 Жалпы стансалық және цехтық шығындарды есептеу

Бұл құраушы әкімшілік-басқармалық шығындарды (еңбекақы, кеңселік шығындар, іссапарлық шығындар), жалпы өндірістік (ұстап тұру, амортизация, жалпы стансалық құралдарды ағымдағы жөндеу, сынақтар, зерттеулер, ұтымды пайдалану және еңбекті қорғау), мақсатты шығындарға аударылымдар (техникалық насихаттау, өзінен жоғарғы тұрған мекемелерді ұстап тұру), цехтарға қызмет көрсету және оларды басқару (цехты басқару еңбекақысы, аммортизация және ғимараттарды ұстап тұру мен ағымдағы жөндеу шығындары, еңбекті қорғауға кететін шығындар).

Ауқымды есептеулер үшін мына кейіптемені пайдалануға болады:

$$Ш_{жалпы} = (0{,}2 \div 0{,}25) \cdot (Ш_а + Ш_{еа} + Ш_{тасым}), \text{ млн. теңге;} \qquad (3.17)$$

$$Ш_{жалпы} = 0{,}2 \cdot (11272{,}8 + 2232{,}16 + 1040 \cdot 440{,}5) = 1375{,}6 \text{ млн. теңге.}$$

3.11 Энергия жіберудің өзіндік құнын есептеу

3.1 кесте – Электр және жылу энергиясын өндіруге кететін шығындар

Шығындар құраушылары	$Ш_э$, эл.энергиясы, млн.тг
Отын, $Ш_{отын}$	6211,1
Су, $Ш_с$	502,45
Еңбек ақы қоры, $Ш_{еа}$	2232,16
Амортизациялық аударымдар, $Ш_а$	11272,8
